


## МФ ғылыми қызметі

Машина жасау факультетінде ғылыми қызмет мемлекеттік бюджеттік, ғылыми және шуарышылық шарт бағдарламалары және комммерцитализациялау жұмыстарын орындай шеңберінде жүзеге асырылады.

**Машина жасау факультеті кафедраларымен бірқатар жобалар жүзеге асырылады:**

-қисық сызықты өндірімдер мен забойлық ойып алу жүйелеріне арналған өндірім топырағы жазықтығында  $90^0$  бұрышқа жүк ағымын бұрумен конвейердің жаңа бұру конструкциясын әзірлеу,




дайындау және сынақтан өткізу;

-машина жасау өндірісін технологиялық дайындауды автоматтандырудың Қазақстандық жүйесін әзірлеу;

- оңтайлы кеуектілік пен жоғары термиялық тұрақтылықпен металлургия өнеркәсібі үшін отқа төзімді материалдар дайындау технологиясын әзірлеу және енгізу;

-дайын өнім сапасын арттыру мақсатында стационарлы емес қысым кезінде құм-шайырлы қалыптар өндірісін әзірлеу және енгізу;





-Қазақстандық мазмұндағы шикізатты пайдаланумен жақсартылған қасиетті және гемогенді құрылымды күрделі легіріленген болаттардан прецизиондық құймалар дайындау технологиясын жетілдіру.

Машина жасау факультетінде 2016 – 2019 жж. галлуазиттік нанотүтікшелер пайдаланумен металл бұйымдар үшін жаңа антикоррозиялық өздігінен генерацияланатын жабындар өндірісі ашылды.



Күтілетін нәтижелер:

- антикоррозиялық суспензиялар өндірісі, 10,5 т/г дейін;
- антикоррозиялық жабындар өндірісі саласында импортқа тәуелділікті төмендету;
- кара және түсті металдар мен қорытпалардан жасалған бұйымдардың эксплуатациялау мерзімін арттыру.

Артықшылықтары:

Ұсынылған жабындар нақты эксплуатациялау жағдайларында жоғары тиімділікті көрсетті: аталған жабыны бар бұйымдардың жарамдылық мерзімі өздігінен генерациялануға қабілеттілігінің есебінен 1,3 – 1,5 есе ұлғаяды.

Бұл жабынның құны импорттық өнімдердің үздік үлгілерінің құнымен шамалас екендігін айта кету керек. Алайда ұсынылатын жабынның қызмет ету мерзімінің артуы бұйымдар мен конструкциялардың жұмыстық циклінің ұлғаюы есебінен тұтыну құралдарын елеулі үнемдеуге алып келеді.

Аталған өнім негізінен металл бұйымдарын өндіріп шығаратын кәсіпорындарға бағдарланған, дегенмен тұрмыстық жағдайларда да пайдаланылуы мүмкін.

**Машина жасау факультеті ПОҚ ғылыми жұмысының негізгі нәтижелері а:**

1) «ҚР еңбегі сіңген өнертапқышы» конкурсында т.ғ.д., профессор Шеров К.Т. (2018), т.ғ.д., профессор Исагулов А.З. (2019) жеңіске жетті;



Т.ғ.д., профессор Шеров К.Т.

- 2) 2019 жылы ScopusandClarivateAnalytics базаларында кафедралармен мақалалар жарияланды:  
 ТЖМжС – 4;  
 НТМ – 4;  
 ШТ – 2;  
 КО – 2.
- 3) 2019 жылы авторлық құқықпен қорғалатын нысандарға құқықтың мемлекеттік тізілімінде мәліметтерді енгізу туралы куәліктер мен патенттер алынды:

Кафедралар	Патенттер	СИС
ТЖМжС	2	9
НТМ	2	10
ШТ	-	5
КО	-	5

4) 2019жылы «Металлургия», «Материалтану», «Машина жасау», «Стандарттау және (салалар бойынша)» мамандықтары бойынша 90 магистрлік жұмыс қорғалды.

Жыл сайын машина жасау факультетінің студенттері «BelazChallenge» машина жасау кейстерін шешу бойынша халықаралық чемпионатқа қатысады



26 қыркүйек 2019, Жодио к., Беларусь Республикасы

Машина жасау факультетінің ПОҚ жыл сайын Қазақстан машина жасаушылар форумына қатынасады.



19 қыркүйек 2019, Астана қ., Қазақстан машина жасаушыларының VII форумы